

## «Қараөзек ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»КММ

2023-2024 оқу жылының жылдық талдауы:

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітапханада жыл бойына іс-шаралар өткізіліп отырылды.

Осы жоба бойынша әр-түрлі іс-шаралар өткізілді. Бастауыш сынып оқушыларының арасында «Ертегіні оқып, қиял-ғажайып әлемді танимыз!» атты кітап оқу акциясы өткізілді. «Ғажайып ертегілер патшалығы» іс-шарасы бойынша бастауыш сынып оқушылары арасында қойылымдар қойылды. Оқуға құштар мектеп жобасы аясында, мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес мектепшілік «Үздік оқырман – 2023» байқауы өткізілді. Кітапхана оқырмандарының оқу сауаттылығын ашу мақсатында әр-түрлі мәтіндер оқытылып, оқушылар оқыған мәтіндерін мазмұндады. Жақсы мазмұндаған оқушыларға жүлделі орындар берілді.

«Көркем әдебиеттен Отандық тарих беттеріне» атты кітап оқу акциясы өткізіліп, видео көрсетілді.

Қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғалары: Ғабит Мүсірепов, жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың шығармаларымен таныстырылды.

Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының «Өлең – сөздің патшасы атты» мәнерлеп оқу сайысы өткізіліп, оқушылар марапатталды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл толуына орай кітаптар көрмесі өткізілді. Тағы сол сияқты осы жоба аясында оқу сауаттылығы негізінде Ыбырай Алтынсарин, Бердібек Соқпақбаев шығармаларымен оқушылар танысып, мазмұны мен идеясына қарай талдады. Жазушы Кемел Тоқаевтың туғанына 100 жыл толуына байланысты 5-11 сыныптар арасында кітап көрмесі ұйымдастырылды.

«Рәміздер мақтанышым» атты библиографиялық шолу көрме көрсетілді.

7-8- сыныптар арасында «Ұрпақтар ұмытпайтын ұлы жеңіс» атты көрме ұйымдастырылды, «Отты жылдар шежіресі» атты 7-10- сыныптар арасында кітап оқу акциясы жүргізілді.

Үзіліс кезінде 8-9 – сыныптар арасында «20 минут оқы да, 3 минут эссе жаз» атты іс-шара ұйымдастырылды.

«Кітаппен өткен демалыс күндер қызық» атты 8-10- сыныптар арасында оқу марафоны өтті: Абайдың қара сөздері, Жүсіпбек Аймауытов «Ақбілек», Мұхтар Әуезов «Абай жолы».

5-11- сыныптар арасында «Оқы және өзгеге сыйла » жаңа кітаптар айдары бойынша көрме ұйымдастырылды.

«Бір отбасы ,бір кітап » оқу акциясы бойынша «Отбасыммен бірге оқимыз » байқауы ұйымдастырылды. «Жұмбақтар еліне саяхат», «Кел ,мультфильм көрейік» ,«Викториналық сұрақтар» , «Мақал сөздің мәйегі» ,орыс бастауыш сыныптарымен «Қай ертегі кейіпкері?» , «Мәнерлеп оқу сайысы» «сұрақ -жауап» сайыстары өткізілді. 2- сынып оқушылығымен ертегі қойылымы ұйымдастырылды. Орта буын сыныптарымен«Жаңа әлем-жаңа кітап» тақырыбы бойынша 5-6 сынып аралығында С. Мұратбековтың «Жусан иісі» кітабымен таныстырылып оқуға ұсынылды. «Оқуға құштар мектеп »жоспары бойынша бастауыш және орта буын арасында «оқырман орындығы» тақырыбына байланысты оқыған кітаптары бойынша ой бөлісті.Мәнерлеп оқу сайысы бойынша бастауыш сынып арасында жарыс ұйымдастырылды.Ол сайыста ереше көзге түскен оқушылар және сыныптар болды.Ерекше көзге түскен сынып 2- сынып ,оқу жылдамдықтары жақсы дамыған. 2 «б» сыныбының оқушысы Рем Ткачев мәтінді оқып, оны толықтай мәерлеп айтып бере алды. 2-сыныптан Нағашыбай Айдын,Советхан Айару,Вайсов Тимур,Хуандық Мансур тағы да басқа балалар өздерінің кітапқа деген қызығушылықтарын жоғары деңгейде көрсетті.

Оқушылар арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, балалардың кітапқа деген ынтызарлығын ояту, классик жазушылардың, балалар жазушыларының шығармаларын көпшілікке насихаттау. Оқу-біздің балаларымыздың білімін, тәрбиесін және мәдениетін арттырудың маңызды факторы. Біріміз кітапты ой-өрісті кеңейту үшін оқысақ, біріміз – жұмыс барысында ақпарат іздеп оқимыз. Арамызда кітап оқып, демалатындар да бар. Қандай себеп болмасын, оқу сауаттылығы дағдыларын дамыту маңызды. Оқу ой-өрістің кеңеюіне, жан-жақты дамуға, ойлау қабілетін жетілдіруге, шығармалардағы кейіпкерлердің мінез-құлқындағы жағымды тұстарын бойға сіңіруге көмектеседі, жалпы адамды тәрбиелейді және рухани байытады. Кітап оқуға бала кезден баулу керек. Адамның әдебиетке деген махаббаты сол балалық шақтан пайда болады.